

БӨЛІМ: МАТЕМАТИКА

6 саны мен цифры

ЖАРИЯЛАНДЫ
17.11.2019СІЛТЕМЕ
https://bilimger.kz/63209/

АННОТАЦИЯ / АҢДАТПА

Әбдірайым Балнұр Мәмбетқұлқызы

ҚМЖ

Пән: Математика	Мектеп: №157 жалпы білім беретін мектеп
Күні:	Мұғалімнің аты-жөні: Әбдірайым Балнұр Мәмбетқұлқызы
Сынып: 1-сынып	Қатысқандар саны: Қатыспағандар саны:
Сабақ тақырыбы	6 саны мен цифры
Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтеме)	1.1.1.1 Санау барысында натурал сандардың реттік номері анықталатындығын түсіну; 10 көлемінде тура және кері санау; олардың натурал сандар қатарындағы орнын анықтау; 1.1.1.2 Бір таңбалы сандарды оқу, жазу және салыстыру 1.1.1.3 Бір таңбалы сандардың құрамын анықтау
Бөлім:	1. Сандар мен цифрлар
Бөлімше:	1.1 Натурал сандар және 0 саны. Бөлшектер
Орта мерзімді жоспар бөлімі:	«Өзім туралы»
Сабақ мақсаттары	Барлық оқушы: Натурал сандар қатарын анықтайды, 6-ға дейін тура және кері санайды. Оқушылардың көбі: 6 санын көрсетіп, бір таңбалы сандарды жазады және салыстырады. Оқушылардың кейбірі: 6 санының құрамын анықтайды

Бағалау критерийі	<ul style="list-style-type: none"> · Натурал сандар қатарын табады, тура және кері санайды · 6 санының элементтерін сақтап, жазады · Бір таңбалы сандарды салыстырады. $>$, $=$, $<$ белгілерін дұрыс қолданады. · 6 санының құрамын табады 	
Тілдік мақсаттар	<p>Пәнге тән лексика мен терминалогия <i>Алты – шесть –six, алдында, артында, кейін, тең, артық, кем.</i> <i>Сабақ барысында тақырыпқа байланысты атаулармен танысады.</i></p> <p>Диалог пен жазу үшін пайдалы сөздер тіркестер <i>-Гүлшоғы қандай гүлдерден жасалған?</i> <i>-Қай гүлдердің саны 6 санымен байланысты?</i> <i>-Жауабы алты болуы үшін, қай балықтарды жәбуымен аулайды?</i></p>	
Құндылықтарды дарыту	ұлттық тәрбиені сақтай отырып, бір-бірімен жақсы қарым-қатынаста болу, сыйластық таныту.	
Пәнаралық байланыстар	Сауат ашу, АКТ, дүниетану.	
АКТ дағдыларын қолдану	Интернет ресурстар, презентация	
Бастапқы білім	5 саны мен цифры	
Сабақтың барысы		
Сабақтың жоспарланған кезеңдері	Сабақтағы жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы	<p>Психологиялық ахуал қалыптастыру. «Күн шуағы» арқылы оқушылармен амандасып ынтымақтастық атмосферасын орнату. Шеңбер бойымен тұрып күн суретін бір-біріне ұсыну арқылы тілектерін айту.</p> <p>Топқа бөліну (сабақтың тақырыбына сәйкес) «Артық, кем, тең» Салыстыру белгісіне сәйкес, оқушылар белгілерді таңдайды, сол бойынша орындарына жайғасады. I топ. «Артық» II топ. «Кем» III топ. «Тең»</p> <p>«Жасырын санды тап» әдісі -Әр топтан екі оқушыдан шығып, қағазға жазылған сандарды алып, ретімен тұрады. Оқушылар қарамай тұрады, бір сан алынып, оқушылар қайта бұрылып, қай сан жоғалғанын табады. Сандық сәуледегі орнын анықтайды</p>	<p>Күннің суреті</p> <p>Салыстыру белгілерінің қима қағаздары $<$, $>$, $=$</p>
«Миға шабуыл»	<p>Дескриптор: —Сандарды ажыратады -Жоғалған сандарды табады -Сандық сәуледегі орнын анықтайды ҚБ «Бас бармақ»</p>	Қағазға жазылған сандар

Сабақтың ортасы**Ұжымдық жұмыс**

«**Кір жайғыш**» әдісі арқылы сабақтың негізгі мақсатына келеді
10 көлеміндегі сандарды тура және кері санау.
Натурал сандар қатарын анықтайды. Алты саны сандық сәуледе бес санынан кейін тұратынын айтады

Дескриптор:

—10 көлемінде сандарды тура және кері санайды

— Алты саны сандық сәуледе бес санынан кейін тұратынын анықтайды.

ҚБ: «**Көңіл күй букеті**» әдісі арқылы бағалау.

Саралаудың «Диалог және қолдау көрсету» тәсілін қолданамын

Дәптермен жұмыс.

«**Көркем жазу**» әдісі. 6 саны

Дескриптор:

—6 санының элементтерін талаптарға сай жазады

— 6 санының элементтерін ауада жазады

ҚБ: «**Өзара бағалау**» әдісі. (Оқушылар бір-бірін бағалайды)

Оқулық

Топтық жұмыс

«**Кім жылдам**» әдісі. Тақырып бойынша тапсырмаларды орындайды

1-топ

2-топ

3-топ

Дескриптор:

—Сандарды ажыратады

-Артық, кем, тең белгілерді дұрыс қояды

ҚБ: «**Көңіл күй букеті**» әдісі арқылы бағалау

Саралауды қолдану. Оқушыларға қосымша тапсырма беру арқылы, жаңа тапсырманы кеңінен түсініп, белсенділігін арттыру мақсатында «**Тапсырма**» тәсілін қолданамын.

Сергіту сәті

Еркін ұста дененді,

Тарсылдатпай еденді

Орнымыздан тұрып ап

Жүгірейік бір уақ.

Бір, екі, үш, бір, екі, үш.

Аяқты алға созайық

Тік көтеріп, қозғайық.

Тым сылбыр да болмайық

Алға қарай озбайық.

Бір, екі, үші, бір, екі, үш.

Жұптық жұмыс

«**Ойлан, тап**» әдісі. Оқушылар санның құрамын анықтайды.

Дескриптор:

—Сандарды ажыратады

-Алты санының құрамын табады

ҚБ: «**Көңіл күй букеті**» әдісі арқылы бағалау

Сабақтың соңы

Бекіту
Кері байланыс
«Ханталапай» ойыны

6 асықты шиырады, асықтарды рет-ретімен қойып шығу керек, кері және тура санайды.

Қолдау көрсету «Тамаша» «Жарайсың» «Керемет» «Жақсы»

Саралау - оқушыларға қалай көбірек қолдау көрсетуді жоспарлайсыз? Қабілеті жоғары оқушыларға қандай міндет қоюды жоспарлап отырсыз?

Оқушыларға қосымша тапсырма беру арқылы, жаңа тапсырманы кеңінен түсініп, белсенділігін арттыру мақсатында **«Тапсырма»** тәсілін қолданамын

Бағалау-оқушылардың материалды меңгеру деңгейін қалай тексеруді жоспарлайсыз?

Бұл бөлімде оқушылардың сабақ барысында үйренгенін бағалау үшін «Бас бармақ», «Көңіл күй букеті» Рефлексияға «Қолдау көрсету» әдістерін қолданамын

Денсаулық және қауіпсіздік техникасының сақталуы

Сабақ барысында сергіту сәті мен белсенді іс-әрекеттерден «Жасырын санды тап», «Кір жайғыш», «Көркем жазу», «Кім жылдам», «Ойлап тап», «Ханталапай» әдістерді қолданамын.

ҚМ АА Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.